



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕРЕКТЕР ҚАУІПСІЗДІГІНЕ МУСИН КЕПІЛДІК БЕРЕДІ



Еліміздегі халыққа қызмет көрсету саласы барынша жетіліп келеді деп айтуға болады. Бір құжат соңында әр мекеменің табалдырығын бірнеше күн тоздырып жүретін кез артта қалған. Олардың денін алу уақыты да қысқарып, жолы да жеңілдеуде. Бұл әрине, мемлекеттік қызметтің денін автоматтандырып, ведомствоаралық ақпараттық жүйені интеграциялаудың арқасы. Қазіргі таңда 690 мемлекеттік қызметтің 651-і электронды түрде жүзеге асады екен. Бір өтініш негізінде бірнеше қызмет алу мүмкіндігі де біртіндеп өсіп келеді. Бүгінде 87 қызмет құрамындағы 27 қызмет осындай жолмен көрсетіліп жатыр. Алдағы уақытта бұл көрсеткіш арта түспек.

Осы дүйсенбіде Парламент Мәжілісінде мемлекеттік қызметтің халыққа қолжетімділігі мәселесі талқыланған үкімет сағатында Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің айтуынша, мемлекеттік қызметтің жеделдігі мен сапалылығын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Жалпы, құзырлы орын қызметті тек электронды үкімет порталы және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы ғана емес, басқа арналар мен платформалар арқылы алудың жолдарын іске қосып жатыр екен.

(Соңы 3-бетте)



ТҰТЫНУ НАРЫҒЫН КЕҢЕЙТУ КЕРЕК

3-бет



ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

4-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕНІ КӨТЕРУ СЕБЕПТЕРІ

КРУБ төрағасының орынбасары Ақылжан Баймағамбетовтің базалық мөлшерлемеге қатысты сұхбаты

– Неліктен сіздер базалық мөлшерлемені 0,25 тен 9,75%-ға дейін көтеру туралы кезекті шешімді қабылдадыңыздар? Шешім қабылдаған сәтте Ұлттық Банк неге назар аударды?

– Базалық мөлшерлемеге қатысты шешім қабылдар кезде біз сыртқы сектордағыдай ішкі экономикадағы көптеген фактордың әсерін саралаймыз. Ал дәл қазіргі шешімге келер болсақ, мен мына ішкі факторлар әлдеқайда маңыздырақ екенін айтар едім.

(Соңы 5-бетте)

ДЕПУТАТ БАҒАНЫ

Еділ ЖАҢБЫРШИН, Парламент Мәжілісінің депутаты:

ҚУАТ КӨЗІН ТАҢДАУДА ТҮЙТКІЛ КӨП

ЖАҒАҢДЫҚ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ КӨПТЕГЕН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСҚАН АУА РАЙЫН ӨЗГЕРТП, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫНА КЕРІ ӘСЕР ЕТЕ БАСТАДЫ. «UNITED IN SCIENCE 2021» БАЯНДАМАСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНЕ СӘЙКЕС 1970 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА АУА РАЙЫНЫҢ АПАТЫ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ БЕС ЕСЕГЕ АРТЫП, ЗАЛАЛЫ ЖЕТІ ЕСЕ ҚЫМБАТҚА ТҮСКЕН. БҰЛ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАЗАҚСТАНДА ДА БАЙҚАЛА БАСТАДЫ. МЫСАЛЫ, СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДА МАҢҒЫСТАУДА ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ МӨЛШЕРІ НОРМАДАН 1,5-2 ЕСЕГЕ КЕМІП, ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІ АҒЫМЫНЫҢ МӨЛШЕРІ 2,5 ЕСЕГЕ АЗАЙДЫ. ІЛЕ АЛАТАУЫНДАҒЫ МҰЗДЫҚТАРДЫҢ АУДАНЫ 40 ПАЙЫЗҒА ҚЫСҚАРДЫ.

2020 жылдан бастап жаһандық температураның 20С-тан астам өсуіне жол бермеу туралы Париж келісімін Қазақстан 2016 жылы ратификациялады. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында еліміздің алдына 2060 жылға қарай көміртегінен арылу міндетін қойды.

Көмірмен жұмыс істейтін станциялар еліміздің солтүстік жағында орналасқан. Оларда электр энергиясының 78 пайызы өндіріледі. Осы аймақта бүкіл Қазақстан

халқының 41 пайызы шоғырланып, электр энергиясы көлемінің 2/3 тұтынылып жатар. 2021 жылдың басында көмірмен жұмыс жасайтын базалық электр станцияларының қондырылған қуаты 13,4 ГВт болды. Тек бір ғана Екібастұздағы ГРЭС-1-дің электр қуаты 4,0 ГВт-ты құрап отыр.

Осыған орай мына мәселелер аландатады.

Бірінші, базалық режимде жұмыс жасайтын электр станцияларының қуатын 40 жыл ішінде қандай генерация-

лармен ауыстырамыз? Мұндай базалық қуаттың деңгейін қандай альтернативалық энергия көздері өндіре алады? Ал, оның ішінде солтүстік аймақтың табиғи-климаттық жағдайында жанартылған энергия көздері тұрақты және сенімді энергия генерациясымен қамтамасыз ете ала ма?

Екінші, еліміздің көмір жағатын станцияларында 17,5 мыңнан астам, ал көмір шығаратын орта және ірі кәсіпорындарында 40 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Қазақстанда көмірді пайдалануды тоқтатсақ, кемі 57 мыңнан астам жұмыс орындары қысқарады және осы өндірістердің қызметіне байланысты өмір сүріп отырған қалалар мен облыстардың жағдайы не болмақ? Көмір өндіру мен пайдалану салаларында жұмыс жасап отырған адамдарға қандай жаңа өнеркәсіп орындары ашылады?

Осы себептерді негізге ала отырып көмір өндірісі мен көмірмен жұмыс жасайтын энергетика саласының мамандарын қайтадан квалификациялауды және қайта даярлауды кезеңмен іске асыратын шаралар кешені қабылданғаны жөн.

Дайындаған А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА

ИНТЕРНЕТКЕ ҚОЛЖЕТІМСІЗ АУЫЛДАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

ОЙТАЛҚЫ

Айтжамал НҰРБАТЫРОВА, Алматы облысы, Талғар ауданы, Б.Момышұлы атындағы №35 орта мектеп-гимназиясындағы мектепшілік ғылыми жұмыстардың жетекшісі:

– Байланыс пен интернет қолжетімсіз ауылдар қазір жоқ шығар. Өйткені, былтырғы оқу жылында барлық жерде оқушылар мен студенттер сабақты онлайн оқып шықты. Сол кезде әрбір білім беру мекемесі түрлі платформамен жұмыс істегендіктен, желідегі жүктеменің өсуіне байланысты ауытқу ауыл тұрmaq, қалада да болды. Қазір оқушылар қайтадан мектепке келіп, оқып жүр. Интернет байланысына байланысты өрескел жетіспеушілікке, байланыстың төмендеуі туралы өзім білетін ауылда ондай ақпарат жоқ.

Қазақстан үкіметі ұялы байланыс операторларымен бірлесіп шалғай ауылдардағы байланыс пен интернет мәселесін шешіп жатырмыз дегенмен, әлі күнге дейін өркениет көшінен тыс қалғандары көп. Тіпті қызмет қолжетімді деген жерлердің өзінде тұрғындар оның сапасына көңілі толмайтын жағдайлар жиі кездесуде. Біз «Бұл мәселе қаншалықты өзекті?» деген сауалды жұртшылық өкілдеріне қойған едік.

талаптардың бірі байланыс пен интернет сапасына қатысты. Сол бойынша жыл сайын құзырлы министрлік есеп береді. Бірақ соған қарамастан, ауылдық жерлерде әлі нашар.

Сәбит ЖЕҢІСҰЛЫ, заңгер, құқық магистрі:

– Елімізде қабылданып, жүзеге асырылған мемлекеттік бағдарламалардың ішінде 2010–2020 жылдарға арналған цифрландыру бағдарламасы болды. Оның қаншалықты нәтижелі болғаны былтырғы пандемия кезінде анық байқалды. Қарапайым халық 42500 теңге өтемақы алу үшін электронды үкімет порталына жапа-тармағай өтініш жазғанда портал сыр берді. Сол кезде «Миллиардтаған қаржы бөлінді, бұл неге осындай жағдайда?» деген сұрақ туындады. Бүкіләлемдік банктің «Бизнесті жүргізу» (Doing Business) рейтингіндегі

(Соңы 3-бетте)

ХАЛЫҚТЫҚ ЗАҢ

Әкімшілік рәсім-дік-процестік кодекстің қолданысқа енгізіліп, жаңа әкімшілік соттардың жұмысын бастағанына 3 айдан аса уақыт өтті. Осы аз ғана мерзімнің өзі бұл құқықтық қадамның дұрыс жасалғанын толық растап берді.

Мемлекет басшысы Әкімшілік әділет институтын енгізудің маңызын түсіндіріп, жауапты жұмысты бастауға тапсырма бергенде жария-құқықтық дауларда тараптардың тең мүмкіндікке ие болмайтынын алға тартқаны есімізде. Шындығында мемлекеттік орган секілді үлкен әлеуетке ие құрылым мен жеке азаматтардың мүмкіндігін салыстыру артық. Төрелік алаңында жеңістің өз жағында болатынына күмәнданған азаматтардың осы тұста мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне шағым түсіруі де сирек еді. Арнайы қабылданған заң жылдар бойы қалыптасқан осы теріс көзқарасты біртіндеп оң бағытқа өзгертуге ықпалын тигізіп отыр.

Күні кеше судья-ғалымдардың форумына онлайн қатысқан Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов әкімшілік әділет жүйесі қолданысқа енгізілген 3 ай ішінде 21 жаңа әкімшілік соттың қызметін бастағалы, оларға 7 мың талап арыз келіп түскенін алға тартты. Осы үш ай ішінде арызданған жеке тұлғалар мен бизнес өкілдерінің 60 пайызы өз максаттарына қол жеткізген. ӘРПК күшіне енгенге дейін талап арыздарды соттардың қанағаттандыру деңгейі 14% болса, өткен 3 айда мемлекеттік органдар шешімінің күшін жою көрсеткіші бұрынғыға қарағанда үш еседен асқан. Мұндай дерек азаматтардың сот саласына деген сенімін нығайтып, өз құқығын өзі қорғай алатынына көзін жеткізеді.



Бұл көрсетішті бұдан әрі жақсарту үшін халықтың құқықтық сауатын көтеру, жаңа заңның артықшылығын түсіндіру бағытындағы ағартушылық, насихаттық жұмыстары бір сәт те тоқтамауы керек. Бүгінде қазақстандық соттар дәл осы бағытта ауқымды іс-шараларға мұрындық болып отыр. Соның ішінде судьялар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жаңашылдықтарын, негізгі басымдықтарын барынша ұғынықты етіп санамалап көрсетуде. Жұмыс тәжірибесіндегі алғашқы істері туралы, ондағы тараптардың тең құқылығы жайында жан-жақты жазу да жеке тұлғалар мен бизнес өкілдерін өз құқығын қорғауға ынталандырса керек. Бұған қоса, әкімшілік әділет институты туралы озық елдер тәжірибесіне үйілу, олардың жетістікке жету құпияларымен бөлісудің де қалың көпшілікке пайдасы орасан.

ӘРПК – расында халықтық заң. Қоғамға, сот саласына түбегейлі бетбұрыс жасаған құжаттың артықшылығына көп уақыт өтпей-ақ жұрттың бәрінің көзі жетері талассыз.

Мәлс ИДРИСОВ,
Алматы облысы №2 мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

ОҢ ҚАДАМ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ҚИЫНДЫҚТАН ШЫҒАРДЫ

Коронавирус барлық саланың жұмысына өзгеріс енгізді. Көптеген құрылымдар қашықтан жұмыс жасауға көшті, кейбірі қызметкерлер санын оңтайландырды, тағы бірі онлайн форматта өз қызметін ұсынды. Соның ішінде жаңа өзгеріске ең тез бейімделген, жылдам төселген саланың бірі сот болды.

Бұған отандық сотта жылдар бойы жүргізілген озық реформа, жаңа технологияны енгізудегі озық қадамдардың игі ықпалын тигізгені анық. Сот отырыстарын бейнеконференц байланы арқылы өткізіп, сот залынан тыс жердегі куәгерлермен тілдесуге төселіп қалған құрылымға жұмысты қашықтан үйлестіру аса қиын бола қойған жоқ. Сот саласындағы жаңашылдықтар азаматтармен арадағы байланысты бұрынғыша сақтап қалуға да көмегін тигізді. Әсіресе «Сот кабинеті» бірыңғай сервисінің үздіксіз жұмысы қарапайым халықтың дер кезінде сотқа арыз-шағымын жолдап, істерді сырттай бақылап отыруына, үйінен шықпай-ақ қажетті құжат, анықтамаларына қол жеткізуіне жол ашты. «Сот кабинеті» қызметі арқылы пайдаланушылар сотқа электронды түрде жүгінуге әбден дағдыланды. Бұл қызметтің мобильді нұсқасы да бар. Бүгінгі таңда мұнда 600 мыңнан астам пайдаланушы тіркелген. 2014 жылы талап-арыздардың небары 5% ғана электронды түрде берілсе, бүгінде бұл көрсеткіш 92%-ға жеткен. Тікелей қатынастың, адами байланыстың шектелуі сот жұмысына қатысты күмән-күдікті азайтудың, сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді кемітудің тегігіне айналды. Бұл сонымен бірге азаматтарға сотқа қатысты мәселесін оңтайлы, әуре-сарсаңсыз шешуіне көмектесті.

Жоғарғы Сот тәжірибені жетілдіріп, сот жұмысын жандандыру бағытында жаңа технология жетістіктерін әлі де пайдалана береді. Сот жүйесін цифрландыруға қатысты озық жобалар бұдан кейін де көбейе түседі. «Сот кабинеті», «Төрелік», сот залдарын дыбыс-бейнетаспалау бойынша атқарылған істер бүгінге дейін көпшіліктің оң пікіріне ие болды. Ал алдағы уақытта «Судьяларға көмекші модуль», «Сот актілерінің банкі», «Цифрлық сот талдауы», «Сот төрелігін роботтандыру» жобалары саланың жаңа тынысын ашады деп үміттенеміз.

Перизат АМАНБАЕВА,
Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кенсе меңгерушісі

ҚҰҚЫҚ

САРАП

Дауға нүкте қоюдың ең тиімді жолы – татуласу. Бұл өмірдің өзі дәлелдеген ақиқат. Жалпы, медиация дегенде көпшілік оны азаматтық істерде ғана қолданады деп ойлауы мүмкін. Алайда, медиация қылмыстық теріс қылықтар мен ауырлығы орташа қылмыстық істерге де қолданылады. Мұндай әдіс әлемдегі озық елдер тәжірибесінде кездеседі. Мәселен, Италияның «Азаматтық және сауда істеріндегі медиация туралы» заңдық декретінде медиация міндетті түрде жүргізілетін рәсімдердің бірі болып саналады. Ал салыққа қатысты дауларды сотқа дейін шешудің міндетті тәртібі Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Австралия, Канада, Словения секілді елдердің тәжірибесінде бар.

КЕШІРЕ БІЛУ – КЕҢДІК

Соңғы жылдары қылмыстық-процестік құқық сараланып, заман талабына сай Азаматтық процестік, Қылмыстық процестік және өзге де заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қылмыстық кодекстің 68-бабында татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату бөлігі бекітілді. Ол бойынша, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам келтірілген зиянды қалпына келтіріп, жәбірленушімен татуласса қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады. Заң аясында медиацияны қолданудың ережесі адам өлімімен, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Сот міндетіне тек заңмен бекітілген 68-бап талаптарын түсіндіру кіреді, сот ешкімді мәжбүрлеп, жүктемейді. Ал медиатор сот төрелігін іске асырумен байланысты емес бейтарап тұлға ретінде сотталушы мен жәбірленушінің татуласуына жағдай жасайды. Екі жақ медиативті келісім құруға өз еркімен келіскен жағдайда сотталушы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату туралы сот төрелігін іске асырады.

Тақырыпты статистикамен толықтырар болсақ, Түркістан облысы Төле би аудандық сотында 2021 жыл-

дың қыркүйек айына дейін жалпы 63 қылмыстық іс түссе, оның 37-іне қатысты айыптау үкімі шығарылып, 21 іс медиция тәртібімен тоқтатылған. Нәтижесінде қаншама тараптардың тірлігі онды шешіліп, бір-бірімен татуласты. Мұның ең тиімділігі – сотталушы тағдырының талқандалмауы. Кейде болмашы қылмысқа бола сотты болып, өмірі өкінішпен өрілетін жайттар болады. Медиация осы өкініштің алдын алуға көмегін тигізуде.

Бұған мысал жеткілікті. Мәселен, ленгірлік И.П. деген азамат бір танысының сеніміне кіріп, жер телімін бір миллион теңгеге сатып беретінін айтады. Сөйтіп ол тағы бір танысының атына бас сенімхат жаздырып алып, жер телімін 500 мың теңгеге сатып жібереді. Сот талқылауында дәлелдер қорытыла келе сотталушының алаяқтық жолмен мүлікке құқықты иемденген әрекеті ҚК-нің 190-бабының 1-бөлігімен дәрежеленді. Алайда, жәбірленушіге келтірілген залал толығымен өтелгені анықталып, жәбірленуші сотқа сотталушымен татуласқаны жөнінде арыз түсіріп, қылмыстық істі тоқтатуды сұрады. Кәсіби медиатор И.Ғалымжанұлы жәбірленуші мен сотталушының медиация тәртібімен татуласқаны жөнінде арыз түсірді. ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігінде адамды қазаға

ұшыратумен байланысты емес, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататындығы көрсетілген.

Ал Г.Д. мен жәбірленуші арасындағы дау пәтер жалдаудан туындаған. Г.Д. Ленгір қаласындағы бір пәтерді жиһазымен екі ай мерзімге

100 мың теңгеге жалдауға келісіп, ақшаны алдын ала беріп қояды. Алайда, отбасылық жағдайға байланысты жоспары өзгеріп, ол пәтерде 15 күн ғана тұрады да, қалған уақытқа есептелген ақшаны қайтарып беруді сұрайды. Жәбірленуші болса оны пәтерден шығарып жібермегенін, оның үстіне ақшаны жаратып қойғанын, сол себепті қайтарып бере алмайтынын айтады. Сотталушы осы кезде заң орындарына жүгінудің орнына өз бетінше әрекетке көшіп, әлгі пәтерден құны шамамен 100 мың теңге тұратын теледидарын әкетіп қалады. Сот барысында ол өзінің қателігін мойындап, жәбірленушіге келтірген шығынды қайтарып, кешірім сұрап медиация тәртібімен татуласты. Мұндай мысалдар жеткілікті.

Міне, медиацияның арқасында қате қадам басып, кінәсін мойындаған қаншама азамат қамалудан аман қалды. Өмірлік сабақ алды. Егер басқаша жағдай болғанда сотталғандар темір тордан түзелу орнына қылмысқа бейім болып шықпасына, сөйтіп, қылмыстың ауырына қадам баспасына кім кепіл?

Жәнібек СЕЙІТЖАШПАРОВ,
Төле би аудандық сотының төрағасы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

2020 жыл ел тұрғындарына адам өмірінің, денсаулығының қадірін ұқтырған кезең болды. Сондықтан да шұғыл жағдайлар туындағанда өмірін сақтандыруға баса көңіл бөлген қазақстандықтар саны артуда. Бұл туралы «Қазақстан халық банкінің «Халық-Life» өмірді сақтандыру бойынша еншілес компаниясы» АҚ-ның өткізген баспасөз мәслихатында айтылды.

РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ – 100 МЛРД

Басқосу барысында «Халық-Life»АҚ басқарма төрағасы Жанар Жұбаниязова, оның орынбасары Андрей Джексембаев, басқарушы директоры Виталий Любимов 2021 жылғы 9 айдағы жұмыс қорытындысын жариялады.

Спикерлердің айтуынша, компания Қазақстандағы өмірді сақтандыру нарығының бүкіл тарихында алғаш рет жыл басынан бері 100 млрд теңге көлемінде сақтандыру сыйлықақыларының рекордтық көлемін жинаған. Ағымдағы жылдың үш тоқсаны бойынша сақтандыру компаниясының нарықтағы үлесі 33,6%-ды құрап, клиенттерге сақтандыру төлемдері де өскен. Тек тоғыз айдың ішінде 8,2 млрд теңгенен астам төлем жүргізілген. Бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, 16%-ға артық.

БІЛГЕН ЖӨН



Бижан ГАЛЫМЖАН,
Алматы облысының жеке сот орындаушысы

Сот актілерінің орындалмай орта жолда қалуы қоғамдағы



«Халық-Life»АҚ биыл World Economic Magazine Awards компаниясы ұйымдастыратын дәстүрлі байқауда «Қазақстанның өмірді сақтандыру бойынша үздік компаниясы – 2021» номинациясының жеңімпазы болды. Қазақстандық компаниялар арасында жиналған сақтандыру сыйлықақылары, меншікті капитал, жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің көлемі бойынша 1-орынға, таза пайда, активтер, сақтандыру резервтерінің көлемі бойынша 2-орынға ие.

Компанияда сақтандыру сервисін жетілдіру және әлеуетті клиенттерге барынша қолайлы жағдай жасау мақсатында онлайн қызмет көрсету іске қосылған. Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар офистен шықпай-ақ

өз қызметкерлерін жедел сақтандыра алады.

Сондай-ақ, клиенттерге ыңғайлы болу үшін IOS және Android негізіндегі мобильді қосымшалар шығарылды. Енді олар әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 режимінде өз сақтандыру шарттарының жағдайын қадағалап, жарналарды төлей алады, компания қызметі туралы жаңалықтар алып, басқа да қызметтерді орындайды.

Кездесу барысында спикерлер журналистер сауалына жауап беріп, алдағы уақытта БАҚ өкілдері үшін ұйымдастырылатын байқаулар мен басқа да ынталандыру шаралары туралы кеңінен әңгімеледі.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті

Мемлекеттік және жеке сот орындаушының айырмашылығы неде?

бесі туралы» заңын басшылыққа алып жұмыс істейді. Екеуінің мақсат-міндеті, мүддесі, атқаратын қызметі ортақ. Жоғарыдағы заңда мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының құзыреті де айқындалып, айырмашылығы жан-жақты белгіленген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңына сәйкес, мемлекеттік сот орындаушылар мемлекеттен өндіріп алу, дауы беретін акцияларының 50 не одан көп пайызы мемлекетке және олармен үлестес заңды тұлғаларға тиесілі заңды тұлғадан өндіріп алу, мүлікті тәркілеу не мүлікті мемлекетке беру туралы, мемлекет мүддесіне

жүргізілетін үйден шығару, үйге қоныстандыру, үйлерді бұзу, жер учаскелерін алып қою және басқа да істердің санаттары туралы атқарушылық құжаттар бойынша ғана өндірістер бойынша жұмыс істейді.

Ал жоғарыда көрсетілген санаттардағы атқарушылық құжаттардан өзге құжаттармен жеке сот орындаушылар жұмыс істейді. Мемлекет пайдасына 1 мың АЕК-тен аспайтын сомаларды, оның ішінде мемлекеттік баж салықтарын, салық қарыздарын, әкімшілік айыппұлдарды, алименттерді өндіру, құрылыстарды бұзу, үйден мәжбүрлеп шығару істері жеке сот орындаушылар құзырында.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕРЕКТЕР ҚАУІПСІЗДІГІНЕ МУСИН КЕПІЛДІК БЕРЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Электронды үкіметтің» мобильді қосымшасында құжаттардың 18 түрін электронды үлгіде алуға болатын «Цифрлы құжаттар» сервисі бар. Олар Қазақстанның барлық халыққа қызмет көрсету орталықтарында, әуежайларда, банкілерде, темір жол вокзалдарында қолжетімді. Бұл қызметті қазіргі таңда 5,3 млн қазақстандық тұтынууда. Жана-лықтың бірі – азаматтардың халыққа қызмет көрсету орталықтарына бармай, бейнеқоңырау жасау арқылы қызмет алуына жасалып жатқан қадам. Бұл ондағы кезекті азайтады деген үміт бар. Биылғы жылдың қыркүйек айында «ХҚО» мобилдік қосымшасы бойынша көрсетілетін қызмет түрлері анықталды. Ол Ақмола, Қостанай, Қызылорда және Павлодар облыстарында жүзеге асатын болады. Алғашқы кезеңде 24 оператор бейнеқоңырау арқылы қызмет көрсетеді. Олардың көмегімен тұрғындар QR арқылы төлем жасап, тұрғылықты жері бойынша тіркеуінің ауысқанын хабарлап, өз үйіне тіркеген немесе тіркеуден шығарған азаматтар жайлы мәлімет ала алады. Бұл қызметтер қассаның алдындағы кезекті азайтып, бөтен адамдарды тіркеуге шек қоюға мүмкіндік береді. Азаматтардың күрделі сұрақтары туындаған кезде жедел жауап берілуі үшін 25 мемлекеттік орган бойынша жауапты адамдардың байланыс но-

мерлерінің базасы құрылды. Қазірдің өзінде бұл қызмет тиімділігін көрсетіп отыр. Мәселен, жауап күту уақыты 304 секундтан 16 секундқа азайды. Мұның сыртында министрлік цифрландырудың мультиплатформалық үлгісіне көшуді жоспарлауда. Мусин мырзаның айтуынша, бұл әр түрлі мемлекеттік органдардың 400 ақпараттық жүйесінің шашыраңқылығын жойып, азаматтардың талабына ашықтық пен бейімділік әкеледі.

Бүгінгі таңда 127 мың адам тұратын 1178 ауылдық елді мекен кең жолақты ғаламтордан тыс қалып отыр. Оның 561-і 2024 жылға дейін кең жолақты ғаламтор операторлары тарапынан ғаламторға қосылатын болады. Сонымен қатар еліміздің аумағында мемлекеттік емес байланыс серіктері жүйесі орнатылмақ. Тұтастай алғанда, атқарылып жатқан іс аз емес сияқты. Десе де, кемшіліктер де баршылық. Бұл салаға тек соңғы үш жылда 40 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінгенін ескеретін болсақ, олқылықтарға қатысты базына-лардың айтылуы орынды. Жиында қосымша баяндама жасаған Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Альберт Рау солардың біркатарын ортаға салған еді. Мәселен, бүгінгі күнге дейін 12 мемлекеттік органның 26 ақпараттық жүйесі біріктірілмей отыр. Былтыр бітуге тиіс бұл жұмыс биыл да ақырына жетпеді.

Осының салдарынан әлеуметтік қызмет орындары адрестік әлеуметтік көмекті тағайындау барысында АХАЖ, мемлекеттік табыс, жылжымайтын мүлік жайлы деректерді қолмен тексеруге мәжбүр. Сол секілді әлі күнге дейін халыққа қызмет көрсету орталықтарында баланың туу туралы куәлігін беру үшін перинаталды орталықтан қағаз түріндегі куәлік сұратылады. Мемлекеттік қызметтің әлеуметтік бағыттағы түрлерінің 10 пайызы әлі де қағаз түрінде

«электронды үкімет» порталында ақпараттық жүйеде қызмет алушылар үшін «бастарту» функциясы жоқ. Бұл осындай хабарды халыққа қызмет көрсету орталығы көрсеткен белгілі күндерден кейін алатындықтан бизнес үшін уақыттың, табыстың жоғалуына алып келеді. 32 автоматтандырылған қызмет әлі де қолжетімді емес. Осының салдарынан мәселен, жекелеген облыстарда жер телімін алуға кезекке қою қиын.

Жалпы, мемлекеттік қызмет саласы

да өкінішке орай олар әр өңірде әр түрлі жүргізіледі. Мысалы азаматтық хал актілері туралы жазбаны қалпына келтіру электронды түрде көрсетілуі мүмкін болса да, жекелеген облыстарда оған жағдай жоқ. Тағы бір мәселе қазақстандықтардың жеке деректерінің қауіпсіздігі. Damumed жүйесінен дербес мәліметтердің шығып кетуі, тек денсаулық жағдайы емес, баланыс мәліметтері, жеке салық коды жайлы мәліметтерді үшінші тұлғаның пайдалану қаупін көрсетті.

Цифрлық даму министрлігі мен Ресей Сбербанкі арасында қол қойылған меморандум да жұртшылықты айрықша алаңдатып отыр. Осы мәселені жиында бірнеше депутат көтерді. Бағдат Мусиннің бұған қатысты жасаған уәжінен ұққанымыз аталған мәселелердің барлығының шешімі осы келісім бойынша сатып алынатын платформаның негізіне қарап тұрған сияқты. Одан төнетін еш қауіп жоқ. Өйткені, Қазақстан бұл жүйенің тек ашық кодтарын алады. Оны енгізу, жұмысын қамтамасыз етумен қазақстандық ІТ мамандар айналысады. Бұл еліміздегі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері автоматтандыруға, ондық цифрлық индустрияны одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

Дүниежүзінде территориясы жағынан – 9, ал халық саны жағынан 64-орында тұрған елде мал шаруашылығы саласының көптеген өнімдері сырттан импортталады дегенді естіген кезде өзге жұрттар әрдайым таңырқай қарайды. Халқының 40 пайызы ауылда тұратын мемлекеттің әлі күнге дейін әлемдік нарықтан өз орнын таба алмауын түсіне алмай бас шайқайды. Өз байлығының игілігін өзге тұрмақ өз халқы көре алмай отырған елдің ауыл шаруашылығын дамытуға жыл сайын мемлекеттік бюджеттен жұмсайтын қаржысының көлемін естігенде тіпті қайран қалады. Бұған таңырқамайтын тек өзіміз ғана. Өйткені, біздегі өндірушілер жұмысын өзі үшін емес, басқа біреу үшін жасап жатқандай мемлекеттен қолдау-қолпаштау күтетін әдеттен әлі арыла алмай жүр. Оған Маңғыстаудағы биылғы жағдайды мысалға келтіруге болады. Құрғақшылыққа байланысты шөптен, жайылымнан тапшылық көрген жұрт бұған ең алдымен өзге емес, Үкіметті кінәлады.

Ал бюджеттен бөлінген қаржының қомақты бөлігі мал санының аздығына қарамастан неге Маңғыстауға бөлінді деген сауалға ешкім жауап берген жоқ. Республиканың өзге өңірлерінде де биыл қолдағы мал басын қыстан аман алып шығу үшін қажетті жем-шөп қорын жинақтауға қатысты түйткілді мәселе аз болған жоқ. Жем-шөп бағасының шарықтауы елдің барлық жерінде байқалды. Ал мал өнімдерінің бағасы әлі тұрақталмай отыр.

Климаттың жылдам өзгеруіне байланысты бүкіл әлемде азық-түлік тапшылығы орын алуда. Оны БҰҰ-ның Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (FAO) да жоққа шығармайды. Осыған қарамастан Парламент Мәжілісіндегі «Ақ жол» ҚДП фракциясы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Роман Склярға қойылған мал өнімдері нарығын ашуға қатысты де-

путаттық сауалын әркім сан-саққа жүгіртуде.

– Қытайда салқындатылған сиыр еті мұздатылған етке қарағанда 90%-ға қымбат. Мұздатылған еттің бағасы – килограммына 6 АҚШ долларын құраса, салқындатылған еттің 1 килограммы 11 АҚШ доллары тұрады. Ал елдің жалпы тұтыну көлемі жылына 8 млн тонна сиыр етін құрайды. Мұндай ауқымды нарық Қазақстанның етті мал шаруашылығының қарқынды дамуына серпін береді. Бұдан бөлек, ірі қара малды сою кезінде етпен бірге түрлі бағалық санаттағы өнімдер қатар өндіріледі. Демек, ет өңдеу кешендері етпен қоса субөнімдерді – ішек-қарынды, қанды, теріні және басқа да өнімдерді алады. Осы өнімдерді Қазақстанның ішкі нарығында тұтыну шектеулі, оларға тиісті сұраныс жоқ. Нәтижесінде, ет өңдеу тиімсіз салаға айналады. Ал бұл саланың игермеген қаражатының жылдық жиынтық көлемі шамамен 600 млрд теңгені құрайды. Қытайда субөнімдер сұранысқа ие, жалпы түсімі ет сату-дан түсетін түсімнен кем түспейді. Сараптамалық бағалауға сүйенсек, экспорттық баға 500 мыңға жуық қазақстандықты жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ал салаға 700 млрд теңгеден астам қосымша табыс түсіріп, 1,3 трлн теңге көлемінде инвестиция әкеледі. Бұл ет өңдеу кәсіпорындары, бордақылау алаңдары және фермерлік шаруашылықтарды салуды және олардың қуатын арттырады, – деген депутаттар бұл мәселеде Қытай нарығын ашуды Үкімет уақыт өткізбей қолға алу керек деп отыр. Оған олар нарықты ашу арқылы сиыр етінің экспортын алғашқы алты айда 3 есе өсірген Ресейдің тәжірибесін мысалға келтіруде. Көршілес бұл мемлекет 2020 жылғы қаңтарда мұздатылған сиыр етіне нарықты ашса, сол жылдың мау-

сымында салқындатылған ет нарығын да ашқан. Қазіргі уақытта субөнімдер нарығын ашу мәселесін де келісіп жатқан көрінеді.

«Бізде экспортқа жол ашуға неге тиісті көңіл бөлінбейді? Реформалардың жүріп жатқан 10 жылы ішінде әлемдік стандарттар бойынша өндірістік тізбек құрылғанына қарамастан, мал басын көбейту мен оның сапасын жақсартуға, жабдықтар сатып алуға, салаға қатысушыларды оқытуға, мындаған гектар жайылымдарды айналымға енгізуге миллиардтаған қаншама жеке және мемлекеттік қаражат жұмсалды. Үкімет деңгейінде Қазақстанның ет саласы үшін өткізу нарықтарын ашу бойынша неге кешенді міндеттер қойылмайды? Бұған қоса, салқында-

Ғани ҚАЛИЕВ, ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының президенті:



Сіз не дейсіз?

Қазір енді мал басы азайды. 1990 жылға қарағанда мал басы кеміді. Тек жылқы сол қалпында тұр. Жайылымның 67 пайызы пайдаланылмауда. 1989-90 жылдары ет тұтынудың медициналық нормасы 88-90 кг болатын жан басына шаққанда. Енді күнкөрістің төменгі шекті мөлшеріндегі нормасы 41 кг боп қалды. Өйткені, еттің өзі тапшы. Содан кейін үкімет өмір сүрудің төменгі шекті мөлшерінен төменгі айлық пен төменгі зейнетақы көлемінен төмен қылмауға ғана көңіл аударды. Соның нәтижесінде күнкөрістің төменгі шекті мөлшері өзге елдерден 2-3 есе төмен боп қалды. Мұндай жағдайда экспорт туралы айтудың өзі қиын.

– Өткен ғасырдың 90-жылдарымен салыстырғанда қазір малдың басы кеміді. Бұрын жайылымдық жерге байланысты халқымыз көбіне қой мен жылқы өсіретін. Бірақ нарық болған жоқ. Өндірушілерден мал өнімін арзанға алып, қайда апарып, кімге сататынын билік өзі шешті. Өйткені, мал көп болғанымен, ішкі сұраныс аз болды. Сондықтан қыс қатты болып, қар қалың түссе мал қырылатын болған соң күзде барыныша сатуға тырысатын.

Бұрын жайылымдық жерге байланысты халқымыз көбіне қой мен жылқы өсіретін. Бірақ нарық болған жоқ. Өндірушілерден мал өнімін арзанға алып, қайда апарып, кімге сататынын билік өзі шешті. Өйткені, мал көп болғанымен, ішкі сұраныс аз болды. Сондықтан қыс қатты болып, қар қалың түссе мал қырылатын болған соң күзде барыныша сатуға тырысатын.

Бұрын жайылымдық жерге байланысты халқымыз көбіне қой мен жылқы өсіретін. Бірақ нарық болған жоқ. Өндірушілерден мал өнімін арзанға алып, қайда апарып, кімге сататынын билік өзі шешті. Өйткені, мал көп болғанымен, ішкі сұраныс аз болды. Сондықтан қыс қатты болып, қар қалың түссе мал қырылатын болған соң күзде барыныша сатуға тырысатын.

Бұрын жайылымдық жерге байланысты халқымыз көбіне қой мен жылқы өсіретін. Бірақ нарық болған жоқ. Өндірушілерден мал өнімін арзанға алып, қайда апарып, кімге сататынын билік өзі шешті. Өйткені, мал көп болғанымен, ішкі сұраныс аз болды. Сондықтан қыс қатты болып, қар қалың түссе мал қырылатын болған соң күзде барыныша сатуға тырысатын.

Бұрын жайылымдық жерге байланысты халқымыз көбіне қой мен жылқы өсіретін. Бірақ нарық болған жоқ. Өндірушілерден мал өнімін арзанға алып, қайда апарып, кімге сататынын билік өзі шешті. Өйткені, мал көп болғанымен, ішкі сұраныс аз болды. Сондықтан қыс қатты болып, қар қалың түссе мал қырылатын болған соң күзде барыныша сатуға тырысатын.

алгоритмін әзірлеу және бекіту үшін депутаттарды, құзырлы министрлік, мүдделі ұлттық компаниялар, аталық қауымдастықтар өкілдерін тарта отырып, дөңгелек үстел өткізуді сұраймыз» – деген депутаттар сұрағына заң бойынша ҚР Премьер-Министрінің орынбасары қарашаның алғашқы жексенбісіне дейін ресми түрде өз жауабын беруі тиіс. Алайда, одан қандай нәтиже болатын әзірге ешкім білмейді. Өйткені, биліктің атқарушы және заң шығару органы арасында бұған дейін де сан мәрте хат алмасылғанымен, одан айтарлықтай өзгеріс бола қойған жоқ. Ал өткен ғасырдың басында қазақ жерінде өндірілген өнімдер Дания мен Жаңа Зеландия малдарының майын Лондон базарынан ығыстырып шығарғанын бүгінде ешкім біле бермейді. Бұл мәселеге В.Терещенко деген зерттеуші «Наука и жизнь» журналының 1989 жылғы №2 «Учиться не подражать» деген мақаласында көтеріп, қоғам назарын аударуға тырысқанын ғалымдардың өзі біле бермейді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ИНТЕРНЕТКЕ ҚОЛЖЕТІМСІЗ АУЫЛДАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?



Айтжамал НҰРБАТЫРОВА, Ақтөбе облысы, Талғар ауданы, Б.Момышұлы атындағы №35 орта мектеп-гимназиясындағы мектепшілік ғылыми жұмыстардың жетекшісі:

–Бұл қазір өзекті мәселе емес деп ойлаймын. Себебі мемлекетіміз ақпараттандыру мен сандық технологияларға бюджеттен жыл сайын миллиардтаған қаржы бөліп жатыр. Әрине цифрлық қызмет саласының маманы болмағандықтан бұл мәселеге қатысты көп нәрседен хабарсыз болуым да мүмкін. Мәселен, мен тұратын ауылда байланыс пен интернет қызметі жақсы жолға қойылған. Ешқандай мәселе жоқ. Әрбір үйде вайфай орнатылған. Сондықтан цифрлық қызметке қолжетімсіздікті көріп тұрған жоқпын.

Бүкіл Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жағдай да қазір бұрынғыдан жақсы. Дегенмен, олардың пайызға шаққандағы статистикасын білмеймін. Сондықтан елде цифрлық қызметке қолжетімсіздік мәселесі бар деп ойламаймын. Қазір балалардың қауіпсіздігіне қатысты мәселе көп сөз болып жүр ғой. Бұл да Алматының іргесінде болғандықтан біздің мектепте ерте қолға алынып, сыртқы-ішкі бейнебақылау қондырғысымен жақсы жабдықталды. Енді күзет қызметіне қосылып, бақылау ішкі істер министрлігі арқылы жүргізіледі деп жатыр. Ол да жақсы. Республика бойынша 7 мыңнан астам мектептің 2574-інде бейнебақылау камераларын көру қазір оқушылардың қауіпсіздігіне байланысты ішкі істер органдарымен бақыланады дегенді оқыдым.

Сәбит ЖЕҢІСҰЛЫ, заңгер, құқық магистрі:

– Тіпті интернет тұрмақ ұялы байланыстың өзі кейбір жерлерде болмай қалады. Цифрлық қызметке жауапты мекеменің бәрін Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің құрамына кіргізсе бұл мәселе шешілу мүмкін. Бұған дейін халыққа қызмет көрсету, цифрлық даму әртүрлі министрліктердің құрамында болды. Өйткені көптеген істердің басы болғанымен аяғы жоқ боп қалып жатқандай көрінеді. Тағы бір айтатын мәселе, желілік сымды байланыс қызметінде «Қазақтелеком» деген монополис бар. Бірақ көптеген жерлерге экономикалық жағынан тиімсіз бе екен, интернет желісін апарудан олар бас тартады. Тіпті шалғайдағы ауылды былай қойғанда, Алматының төңірегіндегі елді мекендердің тұрғындары оған жүргізе «бізде ондай мүмкіндік қарастырылмаған, жоспарымызда жоқ» деген жауап қайтарады.



Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ТҮЛҒА

Қазақстанның заң ғылымы дамуының тұтастай бір дәуірі академик С.Сартаевтың есімімен тығыз байланысты.

Өткен тарихымызға шынайы жауапкершілікпен қарайтын болсақ, дербес мемлекет болып қалыптасу бізге оңайға соққан жоқ. Ел азаттығы, ұрпақ дербестігі жолында талай тарланның тақымында тер кеппегендігі де белгілі.

Жекелеген тұлғалар мемлекеттің іргетасын қаласа, енді бірі оны заңдас-тыруға, дүниежүзіне мойындатуға көп күш салды. Сондай тұлғалардың бірі әрі бірегейі заң ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академия-сының академигі – Сұлтан Сартайұлы Сартаев болатын.



заңғар тұлғасының іштен шыққан жылы сөздеріне біз де қосыламыз.

Тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің бірі – Ата Заңының болуы. Осы тұрғыда академик Сұлтан Сартайұлы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Конституциямыз-ға өзіндік жаңашыл үлесін қосты. Атап айтсақ, Конституцияның демократиялық құндылықтарын негіздей келе, АҚШ-тың 8 штатында болып Конституцияға үгіт-на-сихат жұмыстарын жүргізді. Сол күндердің биігінен қарай отырып, бұл игі істерді бола-шаққа жасалған сенімді қадам деп білеміз.

Дәуіріміздің дарабозы Сұлтан Сартаев аса үлкен ауқымдағы ғұлама ғалым еді. Ғалымның ширек ғасыр бойы аянбай еңбек еткен орны – «қара шаңырақ» қазіргі әл-Фа-

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Сұлтан Сартаев – отандық заң және құқықтану саласын дамытуға елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым, қазақ қоғамындағы құқықтық сананың қалыптасуына, елімізде демократиялық құндылықтардың орнығуы-на атсалысқан білікті заңгер, бүгінгі ұрпақ үшін жаңа идеяларды тынбастан іздеуші әрі оны жүзеге асыруға табанды ұмтылудың шынайы үлгісіне айналған тұлға.

Аталмыш ғылыми атақтарынан бөлек тағы бір баса айтатын мәселе Сұлтан Сар-тайұлының ел үшін ең қымбат құжат болып табылатын «Егемендік Декларациясына» қосқан үлесі.

Егемендік – әр мемлекеттің жеке, дер-бес өмір сүруінің көрінісі. Халықаралық құқық субъектісіне ие мемлекет үшін басқа мемлекеттермен қарым-қатынаста оның тәуелсіздігі мен тең құқылығы маңызды. Ал бұл жолда аталмыш тұлғаның сіңірген еңбегі өлшеусіз.

Егеменді ел болуды қазақ ұзақ жылдар аңсады, соған жету жолында күресті, ең-бегін сарп етті. Тарихтың талай зобалаң кезеңдерін бастан өткерді. Жоғары Кеңестің кезекті бір сессияларында тұңғыш рет қазақ мемлекетінің егемендігі туралы мәселенің қаралуы, сөз жоқ, қоғам үшін үлкен сілкініс болды. Республика өмірінде аса маңызды рөл атқаратын бұл құжат жобасы қызу талқыланып, Жоғары Кеңес мүшелері дек-ларацияның әрбір сөзіне жіті мән беріп, ұсынысты сол бойда дауысқа салды. Сөйтіп, қазақ қоғамы кеңестік сананың елесінен арылып, саналық сілкініс жасады. Жоғары Кеңес «Мемлекеттің егемендігі туралы Декларацияны» 1990 жылы 25 қазанда қабылдады.

Қазақстанды жер-жаһанға та-нымал еткен егемендік туралы Декларация осылайша өмірге келді.

Еліміздің егемендігі аталмыш құжатпен бекітіліп, ресми түрде жариялануы біз үшін зор құрмет. Соның есебінде әлемдік өркени-еттің даму сатысына қадам бастық. Тарих-тың ақтандақ беттері ашылды. Егемендік қазаққа көп еркіндік берді.

Сұлтан Сартайұлының өзі айтпақшы: «мен егемендік туралы Декларацияға зор құрметпен қараймын. Сабырсыздарды са-басына түсірген бұл құжаттың, сол тұстағы ұлттық және азаматтық белсенділігінің бағасын әлі келер ұрпақ айтатын болады».

Аталмыш декларацияда бекітілген бар-лық идеялар мен қағидаттар барынша кеңейтіліп 1991 жылғы Конституциялық заң, 1993 және 1995 жылғы Конституциямен дәйектелді. Яғни, С.Сартайұлының бұл ең-бегі Қазақстанның заңнамалық жүйесінің жаңаша дамуына негіз болды.

Бүгіндері қай қазақтан да «Дәмі бітпес, таусылмас тәтті бар ма? – десең, «Бар» – деп батыл айта алады. Ол – Тәуелсіздік. Одан биік, одан мәртебелі мұрат жоқ, болмайды да. Арманынан бір сәт айнымаған асыл халқымыз, жаны жайсаң қазақ халқы үшін 16 желтоқсан да мәңгі өшпес алтын әріптер-мен кестеленетін күн болып қалды.

1991 жылғы 16 желтоқсанды еске түсіре келе Сұлтан Сартайұлы өз сөзінде: «Дәл сол күні мен ел Жоғары Кеңес депутаты ретінде биік мінберге көтеріліп, тұңғыш рет өзім жасаған «Тәуелсіздік туралы» заңның жобасын депутаттар мен үкімет мүшелері алдында жариялап, «біз бүгіннен бастап тәуелсіз мемлекеттердің қатарына қосылуы-мыз қажет!» – деген пікірімді ашық білдіріп, осы тақырыпта баяндама жасадым. Арада қанша уақыт өтсе де, мен сол күнгі шексіз қуанышымды ешқашан ұмытқан емеспін» дейді. Қалай қуанбасқа? Заманымыздың

раби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Қазақта «Жақсының аты өлмейді, ғалым-ның хаты өлмейді» деген нақыл сөзі осын-дайда айтылған болуы керек. Аты аңызға айналған, қазақтың дара тұлғасы Сұлтан Сартаевтың ұлтқа сіңірген еңбегі еселі. Ол көзі тірісінде 90-ды алқымдаса да ізденуін тастамай, өзінің мол тәжірибесін өзгелерге үйретумен болды. Көкірегінде сана, көңілін-де саңылау бар жас үшін ұлы ұстаздың әр дәрісі танымы мол тарихи тағылым. Ол өз ісімен өскелең ұрпаққа тәуелсіздіктің парқын терең сезінуіне, қастерлеуіне даңғыл жол сала білді.

Сұлтан Сартаевтың мемлекетіміздің құқықтық іргетасын қалауға қосқан үлесін, заң ғылымын дамытуға сіңірген еңбегін, ға-лымдығын, ұстаздығын һәм қайраткерлігін екі ауыз сөзге сыйдыру мүмкін емес. Тұлғасы мемлекет пен қоғам тарапынан мойындалған оның ғылыми еңбектері мен ел алдында атқарған қызметі алдағы уақыттарда да за-ман талабына сай әр дәуірде түрлі қырынан зерттеліп, уақыт өткен сайын ерекшелене беретініне біз кәміл сенеміз.

Быыл ұлы ұстазымыз Сұлтан Сартаев ортамызда болғанда 94 жасқа келер еді. Оның еліміздің ғылымындағы жетістіктеріне қосқан теңдессіз үлесін айрықша ықыласпен және терең алғыс сезіммен еске аламыз.

Талай заңгерлер тәлім-тәрбие алған ұла-ғатты ұстазымыздың асыл бейнесін жүре-гімізде, ал оның ғибраты мол тағылымын ерқашан да жадымызда сақтау біздің шәкірт-тік парызымыз.

А. ЕСЕКЕЕВА
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Кеден, қаржы және экологиялық
құқық кафедрасының аға оқытушысы

ТАРАЗЫ

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ

КОРОНАВИРУС ЖҰМЫСҚА КЕДЕРГІ ЕМЕС

Еліміз соңғы жылдары электронды қағаз айналымына көшіп, заманауи технологияларды қолданысқа енгізуге елеулі түрде бет бұрды. Нәтижесінде, көптеген қызметтер автоматтан-дырылып, жемқорлықтың жолы кесіліп, қоғамда ашықтық пен жариялылық қағидалары үстемдік құра бастады. Қазақстан-дықтардың көптеген қызметтерді үйден алуына жол ашылды. Әсіресе, еліміздің цифрлы жүйеге бет бұруының игілігін каран-тиндік кезеңде анық сезіндік.

Халық әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып, қажет еткен қызметтерді үйде онлайн алып, цифрлы жүйенің қолжетімділігі арта түсті. Сот саласының цифрлы технологияларға жедел түрде бет бұруы, сот пен халықтың арасын жақындата түсіп, карантиндік кезеңде де сот отырыстарының кейінге шегерілмей дер кезінде сот шешімдерін шығарып отыруына жол ашты.

Сот төрелігін уақытылы әрі сапалы түрде жүзеге асыру сот қызметінің басты мақсаты екенін ескерсек, елді әбгерге салған ка-рантиндік кезеңде де сот қызметінің жүрісінен жаңылмауы саланың заман сұранысына сай толық бейімделіп үлгергенін аңғартса керек. Сондықтан, сот жүйесінің дер кезінде заманауи технологияларға бет бұруының игілігін пандемиялық кезеңде анық сезіндік дей аламыз.

Айта кетер жайт, бірнеше жыл бұрын «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауда сот жүйесі саласына нақты міндеттер қойылып, халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыру саланың басты мақсаттарының бірі ретінде танылған болатын. Артынша республика судьяларының VII съезінде халықтың сотқа сенімін арттыру жолында қызметтерді қолжетімді ету, сот саласындағы технологияларды осы мақсатта қолдану міндеті айқындалды. Нәтижесінде осы міндеттер сот төрелігінің ашықтығы мен жариялылығы бойынша ауқымды жұмыстың іске асырылуын қамтамасыз етті.

Сот жүйесінің жұмысын жеңілдеткен заманауи технологиялар халық тарапынан да жоғары баға алуда. Күн өткен сайын сервисті пайдаланушылар оның ыңғайлылығы мен тиімділігіне орай ри-зашылықтарын білдіруде. Дегенмен, сот саласының мамандары аталмыш жүйелерді оңтайландырып, халыққа ыңғайлап, жаңғырту үстінде. Соның дәлелі бұл сервистердің мобильді нұсқасы іске ко-сылып, қолданысқа енгізілуде. Өйткені қазір халық қолындағы ұялы телефон арқылы көп ісін бітіріп, мобильдік байланысты белсенді қолдануда. Соған орай қазіргі таңда процесс қатысушыларына сот отырысының орны мен уақыты туралы СМС-хабарлама арқылы ха-бардар ету механизмі іске қосылған. Алдын ала арнайы хабарламаның келуі процеске қатысушыларға уақытын жоспарлауға, сот отырысына кешікпеуіне мүмкіндік береді. Жаңа технологиялардың қай-қайсысы болмасын сот жүйесін жүйелеуге мүмкіндік бере отырып, барлық процестерді айқын және түсінікті етуге, құжаттармен жұмыс істеу кезінде адам факторын азайтуға, халықтың сотқа деген сенімін арт-тыруға, сот қызметтерін қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Саланы қағазбастылықтан арылттып, сол арқылы хат пен құжат тасу қызметіне кететін шығындарды азайтуға септігін тигізуде. Электронды құжат түрінде сақталған сот істері де саланың архивтендіру кезіндегі жұмы-сын жеңілдетуде. Саладағы жемқорлықтың жолын кесуге мүмкіндік беріп, ашықтық әкелген, уақыт пен қаржыны үнемдеуге жол ашатын заманауи технологиялардан алдағы уақытта да күтер игілігіміз көп.

Қайрат САРСЕКЕЕВ,
Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

ШКІР



С.ЕСЖАНОВ,
Жаңақала аудандық сотының
төрағасы

«Халық үніне құлақ асатын мемле-кет» тұжырымдамасына сәйкес 2021 жылдың шілдесінен бастап ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізілді. Сол сөттен бастап «Әкімшілік рәсімдер туралы» және «Жеке және заң-ды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдардың күші жойылды.

Бұған дейін мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы әкімшілік құқықтық қатынастардан туындайтын даулар жалпы немесе арнайы экономикалық соттармен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер әкімшілік соттармен қаралып келген. Жаңа кодекске сәйкес ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап жария-құқықтық даулар жаңа сипаттағы әкімшілік сот өндірісінің мәні мен қағидаларына сай жаңадан құрылған мамандандырылған әкімшілік соттармен қаралады.

Президенттің 2021 жылғы 26 қаң-тардағы Жарлығымен азамат пен мемлекеттік орган арасындағы қоғам-дық-құқықтық дауларды қарайтын ма-мандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар құрылды. Барлығы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе юрисдикция-

АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

сына жатқызылған дауларды қарау үшін елімізде 21 мамандандырылған аудана-ралық сот құрылды, онда 179 судья сот төрелігін жүзеге асырады.

Жаңа кодексе мемлекеттік органдар-дың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі «әкімшілік орган» түсінігін бекітті, оған мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен қатар құрамына әкімшілік актіні қабылдауға, әкімшілік әрекет (әре-кетсіздік) жасауға уәкілеттік берілген мемлекеттік заңды тұлғалар, ұйымдар кіреді. Мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалар осы кодексте реттелетін қатынастардың қатысушыла-ры болып табылады.

Кодекске сәйкес, міндетті сотқа дейін реттеу тәртібі енгізілген. Азаматтарға ыңғайлы болу үшін төменгі тұрған орган арқылы жоғары тұрған органға шағым берудің оңайлатылған тетігі қарастырылған, яғни азаматқа жоғары тұрған органды іздеудің қажеті жоқ, ол шағымды шешім қабылдаған органға жібере алады. Шағым, әкімшілік акті, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданып жатқан әкімшілік орган не лауазымды тұлға атына беріледі. Әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отыр-ған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, шағымды және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді. Бұл ретте әкімшілік актісі, әкімшілік іс-әрекетке (әрекет-

сіздікке) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды тұлға, егер ол үш жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы. Егер, соған қарамастан, шағым жоғары тұрған органға жіберілсе, онда акт заңсыз болған жағдайда жоғары тұрған орган төменгі мемлекеттік орган-ның актісін жоюға құқылы.

Бұл механизм жоғары тұрған мем-лекеттік органның төменгі органдар-дың қызметіне бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді, сондай-ақ, әкімшілік актілерді қабылдау кезінде бірізділік-тің қалыптасуына және азаматтар мен заңды тұлғалардың уақыттарын едәуір үнемдеуге ықпал етеді.

Әкімшілік актіге, әкімшілік әрекет-ке (әрекетсіздікке) шағым әкімшілік органға, лауазымды тұлғаға әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік актінің қабылданғаны немесе әкімшілік әрекет-тің (әрекетсіздіктің) жасалғаны туралы белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірмей беріледі.

Шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды және шешім қабылдай-ды. Сотқа жүгіну шағымды сотқа дей-інгі тәртіппен қарастырғаннан кейін жол беріледі. Егер де азамат мемлекет-тік органның шешімімен келіспесе, сотқа талап арызбен жүгінесе жеткілікті. Бұл талаптар «мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы» қағидаты бойынша қаралады. Заңға сай, мемлекеттік орган тек жауапкер болады. Мемлекеттік орган сотта өз шешімінің, әрекетінің

немесе әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеуге тиіс. Бұған дейін осындай даулар бойынша бұл міндет та-лап қоюшы тарапқа жүктелген болатын.

Кодексте соттың белсенді рөлі ар-тып отырғандықтан, өз кезегінде сот тараптар ұсынған дәлелдемелермен шектеліп қалмай, дауды шешуде маңы-зға ие барлық мән-жайларды жан-жақты, толық әрі объективті зерттейді. Сот өз бастамасы бойынша қосымша мәлімет-тер мен дәлелдемелер жинауға құқылы. Сонымен қатар, жаңа заң аясында су-дыяға әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздеме-лер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Тағы бір жаңашылдық, ол заңда тату-ластыру рәсімдері кеңінен қолданылуы қарастырылған. Егер тараптар дауды татуласу, медиация не партисипативтік жолмен шешуге тоқтаса, онда келісім жазбаша түрде жасалады. Оған екі жақ немесе олардың өкілдері қол қояды.

Судья тараптардың татуласуы үшін қажетті шаралар қабылдай алады, дауды процесс барысында реттеуге көмек-теседі. Өрине, бұндай шарттар заңға қайшы келген жағдайда және адамдар-дың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын болса, ондай келісімдерге де жол берілмейді.

Кодекстің тағы бір ерекшеліктері – процестік мәжбүрлеу шаралары, яғни ескерту, сот отырысы залынан шыға-рып жіберу және акшалай өндіріп алу көзделген. Акшалай өндіріп алу сот процестік құқықтарды теріс пайдала-натын, процестік міндеттерді орында-майтын тұлғаға, сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып

дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда және әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмеген, сотқа уақытылы хабарламаған жағдайда қолданылады. Кодекске сәйкес сот өз шешімдерінің орындалуын да қатаң бақылауға алады. Жауапкер әкімшілік іс бойынша соттың шешімін заңды күшіне енген күнінен бастап бір ай мерзімде орындауға міндетті және бұл туралы сотқа хабарлауға тиіс. Егер соттың ше-шімінде белгіленген мерзімде ол ерікті түрде орындалмаса, жауапкерден сот шешімін орындауға процестік мәжбүр-леу шарасы ретінде ақша өндіріп алу көзделген, ол сот шешімі орындалғанға дейін бірнеше рет қолданылуы мүмкін.

Қысқаша тоқталсақ кодексе азамат-тар мен заңды тұлғаларға тұлғалардың (жеке және заңды тұлғалар) құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік ор-гандардың заңсыз әрекеттерінен қорға-уды қамтамасыз етіп, әкімшілік әділет органында шағымды қарау нәтижесіне шағымданады. Бұл сот органдарының процесті жүргізудің түбегейлі жаңа әдісі. Соттың белсенді рөлі – әкімшілік про-цестің азаматтарға процестен маңызды айырмашылығының бірі. Сот дәлелдерді жинау бойынша бастаманы көтереді, барлық қажетті құжаттарды арыз берушінен емес, мемлекеттік органдар-дан талап ету мүмкіндігіне ие болады. Дәлелдеу жүктемесі әкімшілік актіні қа-былдайтын әкімшілік органға салынады.

Жаңа кодексе – азаматтардың құқықта-рын қамтамасыз етудің жаңа тетіктерінің бірі. Ол азаматтардың бостандықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына елеулі үлес қосады деген сенімдеміз.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Біріншіден, инфляция 2021 жылдың соңында **7,5-8,5%** болады деген базалық сценарийден жоғары қалыптасып жатыр. Бұл ең маңызды фактор және **біздің барлық іс-әрекетеміз 2022 жылдың соңында инфляцияның 4-6% мақсатты дәлізіне кіруіне бағытталады.**

Екіншіден, бұл тауарлар мен қызметтерге деген сұраныстың кеңейіп жатқан факторы. Бұл қазақстандық экономиканың қалпына келудегі белсенділігі мен халық арасындағы тұтыну деңгейінің артуымен байланысты. Екінші тоқсанда үй шаруашылықтарының номиналды тұтыну шығындары 19,5%-ға дейін артты. Тез қарқын алып жатқан сұраныс ұсыныстан артып, инфляциялық процестерді жылдамдатып отыр. Бұл тек Қазақстанда болып жатқан құбылыс емес, қазір бұндай тенденцияны әлем бойынша байқауға болады.

Үшіншіден, дәл қазір біз халықтың инфляциялық болжамдарға қатысты өсімін байқап отырмыз. Бір жылдан кейінгі болжамды инфляцияның сандық бағасы артып, қыркүйектің қорытындысы бойынша 9%-ға жетті. Бұл көбіне бағаның қазіргі өсімін ескеріп жасалған болжам болып отыр. Сауалнаманың қорытындысына сүйенсек, оған қатысқан адамдардың 71% соңғы жылы бағаның қатты өскенін айтқан, бұл – сауалнама тарихындағы ең жоғарғы көрсеткіштердің бірі.

Біз инфляцияның негізгі факторларын бақылап, саралап жатырмыз және қайталап айтамын, біздің іс-әрекетіміздің барлығы 2022 жылдың соңында инфляция деңгейін **4-6%** дәлізіне кіргізуге бағытталады.

Ұлттық Банк экономикалық агенттерді жинақы әрекетке ынталандыра беру үшін осы объективті факторларға базалық мөлшерлемені өсіру арқылы әрекет танытып отыр. Сонымен қатар, ақша және валюталық нарықтарда қисынсыз теңсіздік пайда болмауы үшін де осындай шешім қабылданды.

– Тұтынушы бағасының өсуіне инфляцияның қандай факторлары ең көп ықпал етіп отыр?

– Жалпы алғанда, әлемнің көптеген елінде дәл қазір инфляциялық қысым күшейді, бұл – жаһандық тренд. Дамыған елдер сияқты, дамушы елдер де бағаның тез өсуіне тап болып отыр. Әлемдік инфляцияға **қарқын берген фактор да осы – азық-түлік бағасының артуы.**

Ал бізде жылдық инфляцияға әсер етіп отырған негізгі фактор ол әрине бұрынғыдай азық-түлік бағасының өсімі, қыркүйек айында ол 11,5%-ға жетті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың инфляциясы 7,5%-ға, ақылы қызметтер саласындағы инфляция – 6,8% болды.

Ішкі тенгерімсіздік инфляциялық процестерге кәдімгідей әсер етеді. Маусымаралық шок маусым айында көкөніс бағасын 31%-ға дейін өсіріп жіберді, ал 2020 жылдың маусымында ол 2,6%-ға ғана көтерілген еді. Бұл мәселені өткен сұхбаттарымызда да атап өттік. Дегенмен, біз жағдайдың тұрақтылығын келе жатқанын көріп отырмыз, себебі қыркүйекте көкөніс бағасының өсімі жылдық мәнде (23,5%-ға) кідірді, әйтсе де, көрсеткіш жоғары екі таңбалы сандық мәнде қала береді. Ал алқапта көкөніс маусымы аяқталғанын ескерсек, енді олардың бағасы көтеріледі деген қауіп те жоқ емес.

Ел ішіндегі азық-түлік бағасының қымбаттауына айтарлықтай ықпалын тигізіп отырған **сыртқы факторларды** да ұмытуға болмайды. Қыркүйек айында ФАО азық-түлік бағасының индексі 32,8% өсті. Әлем бойынша азық-түліктің тез қымбаттап жатқан тенденциясы былтыр жылдың ортасынан бастап байқалған. Сонда барлық негізгі тауарлық топтар бойынша баға өсімі тіркелген. Бұл жерде дәнді дақылдар, өсімдік майлары, сүт өнімдері, ет пен қант бағасының қымбаттағанын айта кету керек.

– Байқасаңыз, біз үнемі азық-түлік туралы айта береміз, басқа факторлар туралы не айтуға болады? Мәселен, соңғы кезде халықты дизель мәселесі алаңдата бастады.

– Азық-түлік инфляциясының үлесі – жартысын алады, сондықтан оған мән бермеу әсте мүмкін емес. Бірақ, Сіздікі де жөн, **азық-түлікке жатпайтын тауарлардың да орны бөлек.** Жалпы, инфляциялық қысымға тұтынушы сұранысының артуы, карантин кезінде жауапсыз қалуынан кейінге шегерілген сұраныс және халықтың шынайы табысының артуы түрткі болып отыр. Бұның барлығы карантин жеңілдегеннен кейін экономикалық белсенділіктің қалпына келуімен тікелей байланысты. Атап айтсақ, қыркүйек айында тұрмыстық заттар, киім, аяқ киім, жанар-жағармай, көмір бағаларының қымбаттауы азық-түлікке жатпайтын тауарлар инфляциясының артуына себеп болды.

Қыркүйек айында, сондай-ақ ақылы қызметтер инфляциясының қарқынды өсімі тіркелді. Оқу жылының басталғанына байланысты жалға алатын баспана құны мен білім беру бағасы күрт өсті. Жалға алу бағасының артуына жылжымайтын мүлік бағасының көтерілгені әсер етті. Реттелетін қызметтердің құны да өсіп кет-



«БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕНІ КӨТЕРУ СЕБЕПТЕРІ»

ҚРҰБ төрағасының орынбасары Ақылжан БАЙМАҒАМБЕТОВТІҢ базалық мөлшерлемеге қатысты сұхбаты

лесі – **Ресей.** Қыркүйек айында бұл елдегі жылдық инфляция мақсатты дәлізден (4%) асып, қыркүйек айының қорытындысы бойынша **7,4%**-ға жеткен.

Тұтынушы тауарларының импорты инфляцияға тікелей әсер етеді. Соңғы бірнеше жылда оның үлесі айтарлықтай өзгерген жоқ және тұтыну да маңызды рөл атқарып отыр. Соңғы 7 жыл ішінде тұтыну импортының үлесі **37-39%** арасында тіркелді. Импорт тауарларының айтарлықтай көп үлесі азық-түлікке жатпайтын тауарларды тұтынуға байқалды (2020 жылдағы үлесі – **60%**).

Егер жалпы импорт туралы айта болсақ, ол, сөзсіз, **төлем балансына** да ықпалын тигізеді. Қараша айының басында Ұлттық Банк осы жылдың 9 айындағы төлем бағасына алдын ала болжам жасап, нәтижесін жарияламақ. Алайда, қазірдің өзінде, 8 айдың қорытындысына сүйене отырып, импорт тарапынан болатын қысым әлсіремегенін айта аламыз.

Өзіңіз бағалап көріңізші, 2021 жылдың 8 айында тұтыну тауарларының импорты 2020 жылмен салыстырғанда 23,9%-ға өсіп, **7,7 млрд долларды**¹ құрады. Осы көрсеткіш ішінде азық-түлікке жатпайтын тауарлар көш бастап, 29,8% өсім көрсеткен.

Қазақстан ашық экономика бола тұра, **ел ішінде** кең көлемде тұтыну тауарларын **өндірмейтіндіктен**, біз ондай тауарларды шетелден импорттауға **мәжбүрміз**. Тиісінше, шет елдерде бұндай тауарлардың бағасы қымбаттаған кезде, ол ішкі бағаларға да айтарлықтай ықпал етері сөзсіз.

– Ұлттық Банк салықты-бюджеттік саясаттың контрициклдік сипатын арттыру арқылы фискальды тәртіпті күшейту қажеттігін бір емес, бірнеше рет ресми түрде мәлімдеген-ді. Бұл ақша-кредит саясатының түпкі мақсаттарына қаншалықты сәйкес келеді?

– Салықты-бюджеттік және ақша-кредит саясаты елдегі макроэкономикалық саясаттың құрамдас бөлігі саналады, атап айтқанда, олар тұтынушылық баға деңгейі мен валюта бағамын, экономикалық белсенділік қарқыны мен тәуелсіз активтер көлемі сияқты аспектілерді анықтайды.

Ақша-кредит саясатының мақсаты

¹Бұл көрсеткіш сондай-ақ 2019 жылғы деңгейден де жоғары (27%)

– инфляцияны белгіленген бағдарлар шегінде ұстап тұру. Салықты-бюджеттік саясат, өз кезегінде, мемлекеттік шығындарды қамтамасыз етумен бірге, экономикалық өсуді қолдауға бағытталған. Бұл екі мақсат та бір-біріне қайшы келе алмайды, себебі, инфляцияның тұрақты төмен деңгейіне жету – ұзақ мерзімді экономикалық өсудің міндетті шарты саналады.

Экономикамыздың шикізат тауарларын экспорттай алатын құрылымдық ерекшеліктерін ескерсек, кірістің қарқыны мен бюджеттің шығындары сыртқы макроэкономикалық жағдайларға өте тәуелді екенін ұмытпауымыз керек. Осыған байланысты Констрициклді бюджеттік ережені енгізіп, қабылдау арқылы фискальды тәртіпті күшейтсек, бұл мемлекеттің шығындарын тұрақтандыруға, олардың өсім қарқынын тежеуге, яғни, бюджеттің лимиттерін алдын ала анықтауға мүмкіндік берер еді. Ол сыртқы бағалардың ішкі жағдайға әсерін азайтып, экономикамызды мұнай бағасының тұрақсыздығынан оқшаулап ұстауға жағдай жасайды. Нәтижесінде кезеңдік инфляциялық қысым төмендеп, ақша-кредит саясатының тиімділігіне оң әсерін береді.

– Қазіргі экономикамыздың жағдайы қалай? Сценарий Ұлттық Банктің болжамдарымен қаншалықты сәйкес келіп жатыр? Ең бастысы, экономикамыз дағдарысқа дейінгі қалпына оралды ма?

– Экономикалық өсім бойынша біздің болжамдарымыз өткен тоғыз айда толықтай дерлік дәл келді. Экономика қаңтар-қыркүйек айлары аралығында **3,4%**-ға өсті. Бұл біздің оптимистік бағаларымызбен сәйкеседі. Еске сала кетейін, «тамыз-қыркүйек» болжамды раундының оптимистік сценарийі бойынша, біз жыл соңына дейін Brent маркалы мұнайдың бағасын барреліне 70 доллар деңгейінде белгіледік. Жыл басынан бастап 22 қазанға дейін баррель үшін орташа баға – **69,3 АҚШ доллары көлемінде болды.**

Экономикалық белсенділік шикізат нарығында әлемдік бағалардың өсуі мен карантиндік шаралардың жеңілдеуі арқасында қалыпқа келу үрдісін үзген жоқ. Өсімнің жоғары қарқыны өңдеу өнеркәсібінде, саудада, құрылыста, ақпарат пен байланыс саласында, сондай-ақ, мемлекеттік секторда жақсы байқалды. Өткен

жылдың наурыз айынан бері көлік саласы жылдық мәнде **0,1%**-ға шығып, бірінші рет оң өсім көрсетті.

Карантиндік шаралардың жеңілдеуі мен сауда орталықтарының ашылуы көтерме және бөлшек саудадағы көрсеткіштерге оң әсер етті. Сауда саласы жылдық мәнде **9,3%**-ға өсті. Тауар айналымының арта түскені көлік қызметінің өсім қарқынына да жақсы септігін тигізді.

Басқа салаларға қарағанда, тау-кен өнеркәсібінде белсенділіктің **0,8%**-ға төмендегенін байқауға болады. Бұл ОПЕК+ келісімдері аясында шикі мұнай өндірісінің (3,4%-ға) және газ конденсатының (5,6%-ға) азайғанымен тікелей байланысты.

Жалпы айтқанда, Қазақстан экономикасы пандемияға дейінгі қалпына оралып болды. Егер экономикалық өсу траекториясы біздің оптимистік сценарийге сәйкес сақталатын болса, жыл соңына дейін ол **3,7-4,0%**-ға жетуі керек.

– Кейбір сарапшылар экономикада беймонетарлық факторлар басым болғандықтан

базалық мөлшерлемені ұлғайтудың қажеті жоқ деп есептейді. Енді бір топ базалық мөлшерлемені тіпті екі таңбалы сандарға дейін айтарлықтай көтеру керек дейді. Бұл мәселеге Сіздің көзқарасыңыз қандай?

– Ұлттық Банктің алға қойған бір ғана мақсаты бар, ол – инфляцияны орта мерзімді таргетке қайтару. Базалық мөлшерлеме – біздің осы мақсатқа жету жолында қолданатын негізгі құралымыз саналады. Оның әсер ету деңгейіне қарамастан, ол біз үшін экономикада маңызды инфляциялық күтүлерді қалыптастырады. Сол себепті, біз елдегі инфляциялық процестерді жеделдету үшін базалық мөлшерлемені көтеру арқылы жауап беріп жатамыз.

Сондай-ақ, біз шешім қабылдаған кезде бірқатар факторға, соның ішінде инфляциялық ахуалды анықтайтын әлемдік және ұлттық экономиканың даму келешегіне назар аударамыз. Өзіңіз білетіндей, экономиканың қазіргі қалыпқа келу үрдісі, әсіресе, дамушы елдерде өте нәзік келеді. Кәсіпорындарда тұрақты жүргізілетін сауалнамалардың негізінде Қазақстандағы іскерлік белсенділіктің он аймақта – 50-ден жоғары бекіп қала алмай отырғанын көріп отырмыз. Қыркүйекте іскерлік белсенділік индексі 49,8 тармақ болды.

Міне, осы жағдайларда Ұлттық Банк салмақты әрі теңгерімді шешімдер қабылдайды. Соңғы үш отырыста біз базалық мөлшерлемені рет-ретімен 9%-дан **9,75%**-ға дейін көтереміз.

Сонымен бірге, біз осы шешімдердің әрқайсысына экономикадағы инфляцияға қарсы қысымды сақтай отырып, ақша-кредит саясатын қалыпқа келтіруді жалғастыру туралы әр шешімімізді мәлімдеме негізінде жария етіп отырамыз.

Үкімет пен әкімдіктер инфляцияға қарсы әрекет ету шаралар кешенін жүзеге асыруды жалғастыра береді. Ал Ұлттық Банк қабылдайтын шешімдер оның тиімділігін бағалауға негізделген.

Сондықтан біз дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастыра береміз. Біздің басты мақсатымыз, еске сала кеткім келеді, осы жылы инфляцияны тұрақтандыру және оны 2022 жылы **4-6%** мақсатты дәлізге қайтару болып қала береді.

СУДЬЯНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ КЕҢІДІ



Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 130-бабына сәйкес, сот процесінің барлық сатыларында формальды қателерді жоюға, түсініксіз сөздерді нақтылауға, әкімшілік істің мәні бойынша өтініш хаттарды беруге, толық емес нақты деректерді толықтыруға, әкімшілік істің мән-жайларын толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңы-

Жаңа заң мемлекеттік органдар көрсетін қызметтердің сапасын арттырып, жария-құқықтық салада заңдылықты нығайтады деген сенім мол.

Ботагөз НҰРМАҒАМБЕТОВА,
Орал қаласы әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған
сотының төрағасы

Төрағалық етуші сот за-
лында тәртіп бұзушыға ескер-
ту жасайды, егер ол әрекетін
тағы қайталаса неғұрлым қатаң
мәжбүрлеу шарасы қолданыла-

созылуына алып келсе, олардың әрбір әрекеті мен әрекетсіздігі үшін 10 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алу шарасы қолданылады. Бұған қоса, соттың талабы мен сұрау салуын орындамау, әкімшілік іске қатысушының сотқа келмеуі, оның себебін хабарламау, кері қайтарып алуды уақытылы бермеу, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбау

ӨЗҚАРАС

■ **Заңдарын білу, біліп қана қоймай құрметтеп, талаптарымен жүру әрбір азаматтың дәті. Ол үшін жаңадан қабылданған немесе ертіліп, толықтырылған заңнама нормаларын ыққа жеткізіп отыру маңызды. Бұл тұрғыда тар белсенділігі жоғары екеніне БАҚ-тарда ияланып жатқан материалдар дәлел.**

■ **Адамның әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, сот сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау туралы мәселені шешу мақсатында материалдарды прокурорға жібереді.**

■ **Төрағалық етуші сот залында тәртіп бұзушыға ескерту жасайды, егер ол әрекетін тағы қайталаса неғұрлым қатаң мәжбүрлеу шарасы қолданыла-**

■ **сызылуына алып беріледі. Әрбір әрекеті мен сіздігі үшін 10 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алу қолданылады. Бұған қосымша, соттың талабы мен сұрауына орындалмау, әкімшілік іс жүргізушінің сотқа келмеуіне себебін хабарламау, келіспей отырып алуды уақытылы сот отырысында төлеу етушінің өкімдеріне бағынбауына**

ПРОЦЕСТІК МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ



Ғалия ОҢЛАНБЕКОВА,
Алматы қаласының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

цестік мәжбүрлеудің басқа шарасы қолданылады. Мәжбүрлеу шаралары қайталап қолданылатынын да ескерген жөн. Прогностік мәжбүрлеу шаралары қолданылған азамат кодекстек белгіленген тиісті міндеттерді орындаудан босатылмайды. Сот отырысында тәртіп бұзған

Осы кодестін 116-бабына сәйкес, талап қоюдың нысанасын айқындау кезінде сот талап қою талаптарының тұжырымдамасымен, талап қою мәтінімен және оған қоса берілген немесе кейін ұсынылған құжаттармен байланысты болмайды. Сот

KӨЗҚАРАС

Ел заңдарын білу, біліп қана қоймай құрметтеп, талаптарымен жүру әрбір азаматтың міндеті. Ол үшін жаңадан қабылданған немесе өзгертіліп, толықтырылған заңнама нормаларын халыққа жеткізіп отыру маңызды. Бұл тұрғыда соттар белсенділігі жоғары екеніне БАҚ-тарда жарияланып жатқан материалдар дәлел.

Таңдап алынған шара нәтиже бермеген жағдайда про-

АЛИМЕНТ – ӘКЕНІҢ ҚАРЫЗЫ ЕМЕС, ПАРЫЗЫ

Егер келісімге келу мүмкін болмаса немесе тараптардың бірі алименттерді төлеуден бас тартса, онда сотқа өтініш беріп, алименттерді мәжбүрлі төлеткізуге болады. Қалай десек те, ҚР заңдары баланың мүддесіне, оның құқықтарының қорғалуына жұмыс істейді. Ендеше, әрбір ер азамат ең алдымен өз перзентінің алдындағы адами жауапкершілігін сезінуге тиіс. Мәжбүрлі төлеткізу мен азаматтың өз еркімен, жауапкершілігімен төлеу бөлек. Қандай қиын жағдай болса да, ер азамат үшін жұмыссыздық сылтау емес. Ұрпағының алдындағы парыз бөрінен биік. Алимент дауы осындай адами факторларға байланысты.



Р.МУРСАЛИМОВ,
Алматы облысы атқарушылық
округінің жеке сот орындаушысы

лай өндіріп алуға бай-
ланып сот үйғарым шығара-
ма кетерлігі, мәжбүрлеу
шаралары қолдану туралы үй-
шағым жасалғанымен
қандай тоқтатылмайды,
қандай адал береді.
Сот алынған шара нәти-
жесіз болған жағдайда про-
цестік мәжбүрлеудің басқа ша-
расы қолданылады. Мәжбүрлеу
шаралары қайталап қолданыла-
тынын да ескерген жөн. Про-
цестік мәжбүрлеу шаралары
қолданылған азамат кодексте
белгіленген тиісті міндеттерді
орындаудан босатылмайды.
Сот отырысында тәртіп бұзған

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ



Жемқорлық мәселесі елімізде ұзақ жылдардан бері өзекті кесел ретінде танылып, онымен үздіксіз күрес жүргізіліп келеді. Мемлекет басшысының Үндеулері мен жолдауларында да жемқорлыққа арнайы тоқталып, оны жоюдың тәсілдеріне бағыт-бағдар беріліп, көшенді түрде күрестің жалғаса беретіні ұдайы айтылып отырды. Яғни, жемқорлықпен күрес елімізде бір сәт те тоқтаған емес.

Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бір тәсілі, жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер төндіретін кесел. Сондықтан еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі жемқорлықпен күресу болып табылады. Осы орайда атап өтерлік жайт – жемқорлық жәй құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сөгінетеді. Сондықтан жемқорлықты жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті күшейте түсуіміз керек. Жемқорлыққа қарсы заңнамалар да уақыт сұранысына қарай үнемі жетілдірілу үстінде.

Жалпы кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып саналады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған

жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да, еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы жегіқұртпен күрес ретінде жылдар бойы күн тәртібінен түспей келеді. Жалпы, қоғамымыздың жемқорлыққа қатысты қарсылығын тудыру мақсатында да кеселмен күрес жалғаса бермек. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Демек жемқорлықпен күресте тұтас қоғамның қарсылығы маңызды.

Қоғамымызда мемлекеттік қызметшілерге қатысты жемқорлық та аз айтылмайды. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қыл-

мыстары және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бойалдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кейбір мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайдылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ұжыммен жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сондықтан, жемқорлықпен күресті алдымен мемлекеттік қызметшілерден бастауымыз керек.

Жасыратыны жоқ, сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі, бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Өкінішке орай, жеңұшынан жалғасын табатын, «көз қысты – бармақ басты» әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Сондықтан, жемқорлықты түбірімен жою қоғамның басты міндеттерінің бірі болып қала бермек!

Данияр СЕМБАЕВ,
Әуезов аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Әр байқаудың мақсаты, межесі бар. Қазіргі шырқалып жүрген патриоттық әннің, алдаспан жырдың, көркем шығарманың біразы сол байқауларда дүниеге келген.

Байқау – ой қозғаушы, шабытты қамшылаушы. Сондықтан мұндай шығармашылық додаларды өткізіп, сынақты түрлендіріп, жандандырып отырудың маңызы зор. Биылғы детектив шығармалар байқауының да шартына біраз өзгеріс енгізуіміздің себебі осы.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тұспа-тұс келген байқау жүлдегерлерін бұл жолы қасиетті Түркістанда анықтамақпыз. Әрі биылғы додаға Түркістан облыстық соты қолдау көрсетіп отыр. Соған орай түркістандық судьялардың еңбегін шығармаларға өзек етсек, деректі детективті дамытуға қадам жасасақ дегенбіз. Байқаудың өн бойына қан жүгіртсек әрі осы өңірдің шытырман шығарма шеберлерін ынталандырсақ деген де ойымыз болды.

Мұндай қадамға баруымыздың тағы бір себебі: Біріншіден, кейбір үміткерлер бұрын жазған дүниелерін қайталап жібереді. Тіпті, биыл жүлде алмаған шығармасын келесі жылы бәйгеге қайта қосқандар да болды.

Екіншіден, қырық жыл бұрын жазған кітабынан үзінді ұсынғандарды да көрдік.

Үшіншіден, біреудің шығармасын сәл өзгертіп жолдағандар да бар.

Ал мына шарт – байқауға жаңа туындылар жаздыруға талпынмас мүмкіндік. Әрі ол үшін арнайы жүлде де қарастырылған. Сондықтан, қаламдарыңызды сайлап, шабыттарыңызды шақыра беріңіздер!

Ескерте кетейік, БҰЛ БАСҚА ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУҒА ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ ДЕГЕН СӨЗ ЕМЕС!!!

Біздің байқау үшін жазылған, ең мықты, ең шебер, ең көркем шығарма иесі – ЖҮЛДЕГЕР болады!

Шығармаларыңызды «БАЙҚАУҒА!» деген белгімен zangazet@mail.ru поштасына жолдаңыздар.



ӨРТҮРЛІ

11. ҚР «ЖШС туралы» заңның 46, 47-баптарына, ҚР ЗК 101-бабына және «БЕКТАУ» ЖШС-нің Жарғысына сәйкес, 2021 жылғы 3 желтоқсанда 14 сағат 00 минутта Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Бектау ауылы, Абай көшесі, 1 мекенжайында «БЕКТАУ» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. «БЕКТАУ» ЖШС қатысушыларының серіктестік құрамынан шығуы, оларға шекарадағы «БЕКТАУ» ЖШС-нің ауылшаруашылық мақсаттағы жерлерінен 01-012-037-078, 01-012-037-066, 01-012-037-079 кадастрлық нөмірлі жер телімдері түрінде үлестерін бөліп беру.

2. ЖШС құрамынан шығуға және «БЕКТАУ» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы өздерінің үлестері есебінен «БЕКТАУ» ЖШС-нің құрамынан шығарла жер телімдерін бөліп беру туралы өтініш берген қатысушыларға шекарадағы «БЕКТАУ» ЖШС-нің ауылшаруашылық мақсаттағы жерлерінен бөлінген 01-012-037-078, 01-012-037-066, 01-012-037-079 кадастрлық нөмірлі жер телімдерінің аудандары мен орналасқан жерін анықтау.

13. Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты «Ишим-Астық» ЖШС қатысушыларына Н.Н. Пустовойтенко, К.Р. Боранбаев және басқалардың талап-арызы бойынша №1112-21-00-2/2090 азаматтық іске қатысу үшін үшінші тұлға ретінде тартылғандығы туралы және «Ишим-Астық» ЖШС, «Иман-Агро» ЖШС атқарушы органды және консорциалдық келісімді сайлау туралы ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының шешімін жарамсыз деп тану туралы хабарлайды.

Сот отырысы 2021 жылдың 16 қарашасында сағат 16.00 де өтеді. Өзінің қатысатындығы туралы Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 87162-22-05-20 тел. бойынша, 87026744264 ұялы тел.бойынша немесе e-mail: 716-2480@sud.kz алдын ала хабарлау қажет.

15. Осы хабарландырумен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 12014000437) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Б.Момышұлы даңғылы 5, 9-кабинет, тел: 8 (7172)70-12-30, ұялы тел.: 8-702-631-73-54.

8. «EuroAzia Group» ЖШС, БСН 160540016927, өзінің несиегерлері мен мүдделі тұлғаларға жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: индекс 040800, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қапшағай қаласы, Абай көшесі, 35В. Тел.: 87471336931.

16. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (МАЭС) 25.10.2021 жылғы нұсқамасымен (МАЭС), мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Сарайшық көшесі 5Г, т.е.ж. 2 БСН 120640003694, «Premium Food» ұйымын оңалту туралы іс қозғалды.

ТАРАТУ

2. ЖШС Fatima kids ұйымы, БСН 210640000798 (Қазақстан, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Дархан ы-ауданы, Қуанышбаева көшесі, 35 үй) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Қайрат көшесі, 46 үй. Тел. 87474703757

3. ЖШС NurFatima kids ұйымы, БСН 210640002183, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Қайрат көшесі, 46 үй. Тел. 87474703757

10. ЖШС «Ақтау Ойл Индастриз», БСН 180940008657 өзінің жойылатыны туралы хабарлайды. Талап арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050059, Әл-Фараби даңғылы 19, «Нұрлы-Тау» бизнес орталығы, 1Б блогы, 404-кеңсе, тел: +7(727)311 17 00.

12. «КТ Индер-Максат» ЖШС, БСН 110940022709, өзінің мәжбүрлі түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Мекенжайы: Атырау облысы, Индер ауданы, Индер кенті, Меңдіғалиев көшесі, №30. Тел.: 87022389670.

МҰРАГЕРЛІК

4. 02.07.2021 жылы қайтыс болған Мустафаев Исмаил Мухатовичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Енбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев к., 60/2. Тел. 87773677972.

5. 04.12.2013 жылы қайтыс болған Тушаев Маметтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Енбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев к., 60/2. Тел. 87773677972.

6. 23.08.2021 жылы қайтыс болған Исламов Курван Маруповичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Енбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев көшесі, 60/2. Тел. 87773677972.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110. БП 67 (Мехов-Гоголь көш., қылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SARA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА) директоры Қонивилова Татьяна Ивановна, Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отан» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке бө көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-26-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-226-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772265606.

АНА – ҰЛТТЫ ТӘРБИЕЛЕУШІ

Қоғамда әйелдер өмірдің барлық саласына Керлермен теңдей қатысады. Әйелдерге саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге араласуға толық жағдай жасалған. Қолынан келсе және өзі қаласа, кез келген әйел кез келген жерде білім алып, саясатта, бизнесте, экономиканың барлық саласында ер азаматтармен қатар еңбектеніп, қабілет дарынымен, іскерлігімен көзге түсіп қана қоймай, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қоса алады.

Соның дәлелі болса керек, бүгінгі таңда әйелдер ошақ басында ғана емес, денсаулық сақтау, ағартушылық жүйенің, мемлекеттік қызметтің, сондай-ақ, бизнестің де тізгінінде табылады, әрі отбасылық өмірді қатар алып жүреді. Айталық, республикалық сот саласында еңбек ететін судьялардың шамамен 60 пайызы әйелдер екен.

Әрине, кез келген салада гендерлік саясаттың теңдік құруы жаксы көрсеткішке алып келеді. Қазақстанда гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Гендерлік саясат «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңдармен реттеледі.

Қазақстанда демографиялық өсімді қамтамасыз етуде әйелдердің үлесі шексіз. Себебі, бізде баланың туылуы, олардың тәрбиесі әйелдің мойнында. Бұл жағдайда, яғни бала туып, өмірлік маңызды салаларда еңбек етіп, мемлекеттік басқару жүйесіне араласуға уақыт тапқан әйелдердің еңбегі шынында да құнды.

Әйелдерге отбасы міндеттерін еңбек қызметімен ұштастыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында икемді жұмыс түрлері қарастырылған және бала күтімі бойынша демалыс алуға құқықтары туралы нормалар бекітілген. Сонымен қатар мемлекет балалы отбасыларды қолдау мақсатында әлеуметтік жәрдемақы мен бірқатар атаулы қызметті тағайындады.

Бүгінде 139 мемлекеттің Ата Заңында әйел мен ер теңдігі заңдық түрде бекітілген. Бірақ зерттеу нәтижелері көрсеткендей, экономикасы дамыған мемлекеттердің өзінде әйел құқығының аяққа тапталуы жиі орын алады. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырайтындардың көбі де осы әйелдер. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жасау адамның құқығы мен бостандығын бұзудың өрескел түрі.

Біздің елде де басқа кез келген елдердегідей, әйелдер тұр-

мыстық зорлық-зомбылыққа жиі ұшыраушылар қатарында. Сокқы алып, қорлық көрсе де талай қазақ әйелі отбасы құндылығы мен ар-ұятты жоғары қойып, заң алдында өз құқығын қорғаудан бас тартып жатады. Құқық қорғау органдарына берген шағымнан да, сот отырысы барысында жазған арыздан да бас тартатын жағдайлар кездеседі.

Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылық істер жөніндегі сотында биыл жыл басынан бері Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 73-бабымен барлығы 308 іс қаралған. Оның басым бөлігі, әрине, әйелдер. Бірақ тұрмыстық зорлық-зомбылық көретін жандардың нақты санын айту мүмкін емес, жәбірленушілер арнайы органға барып арызданбайды. Кейбір әйелдер ашу үстінде арыз жазғанымен, кешірімге келіп, өткенді ұмытуға тырысады. Өкінішке орай, әйелдің кешірімділігін оның әлсіздігі деп санайтын ер-азаматтар одан сайын зорлық-зомбылық көрсетуін күшейте түседі.

Түрлі жағдайларға қарап, кейде әйелдердің өздері өзіндік құқықтарға ие екендігін түсіне бермейді. Бұл қазіргі таңдағы дамудың қарама-қарсы тенденцияларының бір көрінісі.

Сан ғасырлар бойы өркениетті әрі сауатты қоғамда өмір сүріп келе жатқан қазіргі азаматтар арасында ер мен әйелдің дәрежесі тең болуы қалыпты жағдай. Ұлттық гендерлік саясат еліміздегі демократиялық процестің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады десек артық айтқан болмас едік. Бүгінде соттар да гендерлік теңдік стратегиясы негізінде заңнамаларды түсіндіру бағытында семинарлар өткізіп, дәріс оқып, мақалалар жариялауды тұрақты жүзеге асырады.

Дегенмен, бұл мәселе тек құқық қорғау немесе соттың ғана міндеті емес, жалпы әлеуметтің, қоғамның, ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға және өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасауға белсенді түрде қатысу мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғамның бірден-бір міндеті екенін ескеру керек. Мемлекеттік саясатты іске асыруда «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заңын қолдану аясын кеңейту, нәтижесінде жалпы, әйел адамдардың құқығын қорғау, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерге көмек көрсету, мүгедек әйелдер мен аналарды әрқашан қолдап отыру баршамызға ортақ міндет. Себебі әйел – ана, ал ана – ұлтты тәрбиелеуші. Оның құқығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды.

Аида АТАШЕВА,
Ақтау қаласының мамандандырылған
әкімшілік сотының судьясы

ҚЫЛМЫС

АЛАЯҚТАН
АЙЛА АРТЫЛМАЙДЫ

пайдаланып қалғысы келіп тұратындар көп жағдайда өз әрекетін құқықтық тұрғыдан дұрыс бағаламай жатады. Өз мүддесін жоғары қойып, басқа біреуді құрбан қылып жатқанына жете мән бермейді. Сондықтан, алаяқтық істерден барынша аулақ болған жөн! Елімізде ғаламтор қызметінің кең тарауы да, пандемия кезіндегі онлайн-қызметтердің өсуі де алаяқтық әрекеттердің көбеюіне ықпал етті.

Ғаламтор алаяқтары шекараның арғы бетінде отырып-ақ өз ойын жүзеге асыра береді. Сол себепті қылмыстың бұл түрін ашуға бірталай уақыт жұмсауға тура келеді. Өйткені, өзге елде жүрген күдіктінің немесе жәбірленушінің жеке тұлғасы мен мекенжайын анықтау үшін шет мемлекеттегі құқық қорғау органдарына сұрау салу мен тапсырмалар жіберу міндетті болып саналады. Яғни, алаяқтың әрекетін дәлелдеу көп уақыт алады. Сондықтан ғаламтор алаяқтарының құрбандары кейде құқық қорғау орындарына шағымданбай, қолды бір сілтей салады. Ал алаяқтың құрбандары одан сайын көбейе береді. Сондықтан барынша сақ болу керек және басқаларды да сақтандырып отыру керек. Есіңізде болсын алаяқтарға жеңіл пайда табуды көздеген немесе бір нәрсеге оңай әрі тез қол жеткізуді мақсат еткен жәбірленушілер ұрынып жатады. Сондықтан осындай сипаттағы істерден өзіңізді аулақ ұстаңыз!

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ



М.АХТАНОВ,
Түркістан облысының
Әділет департаментінің
әкімшілік-құқықтық бөлімінің
басшысы

Оның ішінде кодекстің 64-бабының 6-тармағына сәйкес, жолданым құжаттың 63-бабында белгіленген талапқа сай келмеген жағдайда, арыз иесіне жүгінудің қандай талапқа сай келмейтінін көрсете отырып, оны талаптарға сәйкес келтіру үшін ақылға қонымды мерзімді белгілеуден көрінеді. Осы арқылы азаматтар жолданым беру кезіндегі мәліметтерді толықтыруға, талапқа сай келтіруге мүмкіндік алады. Әкімшілік орган азамат мәліметті толықтырып, талапқа сай келтірген жағдайда жолданымды кодексте белгіленген мерзімде қарауды жалғастырады.

Кодекске сай заңдылық қағида-сы – Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарын қатаң түрде сақтай отырып жүргізу. Осы қағиданың мәнісі – барлық жағдайда құқық нормасын қолдану заңға сәйкес болуы қажет дегенді, әкімшілік процеске қатысушылардың құқығы мен заңды мүддесін қорғауды білдіреді. Заңсыз әрекеттер орын алған болса, азамат сотқа осы жайлы шағым беруге құқылы. Объективтілік әділдік қағидасы – істің барлық жағдайын, мән-жайын жан-жақты және әділ тексеруді білдіреді. Бұл құқық қолданушы нақты істі қарағанда ондағы барлық іске қатысты дәлелдеме мен айғақтарды пайдалануға және дұрыс бағалауға міндеттейді. Фактілерді бағалауға біржақты келуге және қалай болса солай қарауға жол берілмейді.

Азаматтардың заң алдында және істі шешуші қараушы органның алдында теңдігі қағидасы. Әрбір азамат өзінің әлеуметтік немесе қызметтік жағдайына, өзге де жетістіктеріне байланыссыз заң алдында және істі шешетін органның алдында тең. Ал орган өз кезегінде әкімшілік процесс қатысушыларының оларға берілген құқығының және оларға жүктелген міндетін дұрыс пайдалануды қадағалауы қажет.

Жариялылық қағидасы – ережеге сай процесс ашық жүргізіледі. Про-

цеске қатысушылардың кедергісі процессуалдық құқығын пайдалануға толық мүмкіндік бар, іс материалдарымен, іс бойынша қабылданған шешімдермен, құжаттармен танысуға мүмкіндігі бар.

Істі ұлттық тілде жүргізу қағидасы. Процесс жүргізілетін тілді білмейтін тұлғалардың ана тілінде аудармашы арқылы өтініш, түсініктеме беруіне болады. Ал тиімділік және үнемділік қағидасы көп мөлшерде материалдық шығынды қажет етпейтін, сонымен қатар процестің белгіленген мерзімін бұзбайтын, іс бойынша шешім қабылдауды ұзаққа созбайтын процесті қамтамасыз етуге бағытталған. Процестің қайтарымсыз қағидасы – процесті жүргізуге және құжаттарды рәсімдеуге ешқандай ақы төленбейді, процеске қатысушылардың қолжетімділігі қамтамасыз етілген.

Процестің ережесін бұзғаны және қабылдаған актісі үшін жауапкершілік қағидасы. Процестің ережесін бұзған немесе қағидаттар негізінде заңдылықты, әділдікті, мөлшерлестікті, сенім құқығын қорғауды, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу және соттың белсенді рөлі арқылы жеке және заңды тұлғалардың жария-құқықтық қатынасын реттейтініне сенімдімін.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі бойынша Мемлекеттік басқару академиясының ұйымдастыруымен өткен дәріске Түркістан облысы Әділет департаментінің бас маманы Ү.Құлымбет пен Г.Бейсебек қатысып, қызметкерлер әкімшілік әділетке қатысты көп мағлұмат алған.

Жалпы, Әділет департаментінің осы іс-шараларды ұйымдастырудағы мақсаты – мемлекеттік қызметшілерге Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе ережелерін іс жүзінде қолдану бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу, мамандар машығын қалыптастыру. Яғни, орталық мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдардағы мемлекеттік қызметкерлердің қатысуымен облыс аумағында 2180 мемлекеттік қызметші, оның ішінде Орталық мемлекеттік органдардан 808 және жергілікті атқарушы органдардан 1372 мемлекеттік қызметші оқытылған.

Ал Әділет департаментінің бекітілген кестесіне сай кодексе талаптарын түсіндіру мақсатында жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерді онлайн оқыту ZOOM арқылы өткізілді. Сондай-ақ, Түркістан облысының нотариустары, адвокаттары мен заң кеңесшілері, жеке сот орындаушылары, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кестеден тыс ұйымдастырылған онлайн сабақтарға қатысу қамтамасыз етілді.

Яғни, жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілегін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» сенімді тірегі десек те болады.

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

Шығыс Қазақстан облысы

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана
Тапсырыс №156 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жаныхмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА
Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ